аптальқ облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№ 07/443
19 февраля 2016 года
газета издается с 26.06.2004 года

## ҰЛЫ ЖОЛДАҒЫ БЕС ҚАДАМ

Тәуелсіз елімізде қол жеткізген жетістіктеріміз қоғам мен билік арасындағы берік байланыс пен азаматтық қоғам институттарының өзара әріптесттік қызметі арқасында табысты іске асып жатқанына куә болып келеміз. Елбасы әрқашанда алдымен экономика кейін саясат екендігін үнемі айтып келеді. Бұл ұстаным бүгінгі геосаяси және геоэкономикалық мүдделер қақтығысы және әлемдік қаржылық дағдарыс жайлаған алмағайып заманда бірден-бір дұрыс шешім екендігін уақыт көрсетіп отыр. Елбасының «Ұлт Жоспары-қазақстандық арманға бастайтын жол» атты бағдарламалық мақаласы – әлемдік экономикалық, саяси ахуалдың күрделі жағдайында Мәңгілік Елдің асқақ асыл арманы мен айқын мұратын шындай түсіп дүниежүзілік қоғамдастықта еліміздің мерейін үстем ететін тұғырнама.



Елбасы, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Назарбаев XVI съезінде сөйлеген сөзінде Мәңгілік Ел үшін қажетті бес реформа туралы айтқан еді. Аталған «бес институциональдық реформа – ел дәл осындай ізділікпен өтуі тиіс бес қадам. Тек осындай жағдайда ғана біздің реформаларымыз тиімді болады, ал қоғам мен мемлекет біртұтас және тұрақты болады. Нақ осындай жолдан барлық табысты мемлекеттер өткен», деп атап көрсеткен болатын. Мәңгілік Ел мұратына жетуге апаратын бес қадам елдің тұрақты дамып, сын-қатерлерді бірлесе еңсеруін айқындайды. Бес институттық реформаның мақсаты – елімізді әлемнің өркендеген 30 мемлекетінің қатарына енгізу, - деп атап көрсетті.

Әлемнің кейбір елдерінде орын алған саяси текетірестер мен дінаралық және ұлтаралық кикілжіңдер бұл қоғамдағы азаматтық институттардың жеткіліксіздігінен туындап отырғаны жасырын емес. Елбасының жарлығымен құрылған қоғамдық кеңестер қоғамның өзін-өзі реттеуі мен жергілікті өзін-өзі басқару механизмін дамыту арқылы адам әлеуетін арттырып, азаматтардың саяси мәдениеті мен шешім қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтуге жол ашады. Жаңғыртулар жөніндегі ұлттық комиссия реформалардың шынайы іске асуының заңнамалық және ұйымдастыру тұрғысынан қамтамасыз етеді. Мемлекет пен қоғамның гүлденуіне және өркениетті жолмен дамуына негіз болатын ел ішіндегі тұрақтылық, дінаралық келісім және ұлтаралық сыйластық қағидаттары – еліміздің сара саясатының жемісі.

Мәңгілік Елдің мұратын баянды етуде Қазақстан халқы Ассамблеясының алатын орны ерекше. Ол Мәңгілік Елдің этностарын бір ортақ арманға ұйыстыруда. Ассамблея – Ұлт Жоспары аясында этносаралық қатынастың нығаюына негіз болатын барша қазақстандықтарды ортақ азаматтық бірегейлік рухында біріктіретін тұғыр. Елбасы «мемлекет құрудың жаңа белесінде ұлт біртектілігі мен біртұтастығын нығайтудағы біздің стратегиямызда қағидатты маңызды сәт бар. Біртектілік пен біртұтастық бойынша бүкіл жұмысты біз Қазақстан халқы Ассамблеясы айналасында түзетін боламыз. Ол шешуші қағидат» – деп мемлекет үшін тұтастық пен біртекті азаматтық ұстаным маңызды бұлжымас қағидат екендігін атап өтті.

Мәңгілік Елдің саяси, әлеуметтік, экономикалық жаңғыруы мен рухани түлеуі инновациялық индустрияландыру, заманауи ғылымды қажет ететін экономиканы қалыптастыру, мемлекетті кәсібилендіру, құқықтық санаға негізделген тәртіп пен заңдылық қағидатын орнату, үнемді энергия көздерін қолдану мен экономиканың өңдеуші секторын ұлғайта отырып, сыртқы инвестициялардың жаңа көздерін ұтымды тарту және еңбек қатынастарының жаңа түрін енгізу арқасында жүзеге аспақ. Қазақстандық ортақ арманды іске асыру жолында баршамыз азаматтық белсенділігімізді танытып, жұмыла еңбек етуіміз қажет. Бұл реформалар мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларын жаңғыртуға бағытталғандықтан, еліміздің жарқын болашағы жастарды Мәңгілік Ел идеясы құндылықтары негізінде тәрбиелеу және білім беру қазақстандық арманың іске асуының кілті деп білуіміз қажет.

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**

*У казахстанцев новый праздник*

## 1 МАРТА – ДЕНЬ БЛАГОДАРНОСТИ

**14 января 2016 года Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев Указом № 173 учредил в Казахстане День благодарности – Алғыс айту күні, который будет отмечаться 1 марта, в день создания Ассамблеи народа Казахстана.**

Таким образом, в этом году году народ Казахстана будет впервые отмечать День благодарности. Новая традиция празднования Дня благодарности отображает казахстанские ценности в контексте общенациональной патриотической идеи «Мәңгілік Ел», укрепления и развития казахстанской идентичности и единства на основе общей истории и исторической памяти.



День благодарности – это, прежде всего, день торжества президентской политики мира и согласия, благодаря которой в Казахстане царят покой и гармония, взаимное доверие и уважение всем казахстанцам. Это - низкий поклон благословенной казахской земле и народу, принявшему по братски и одарившего заботой и гостеприимством миллионы людей разных этносов, приехавших в Казахстан, порою, в результате трагических событий. Казахский народ принял их боль, как свою собственную, и это навеки стало нравственным мерилом отношений между людьми разных этносов в нашей стране. День благодарности – это дань уважения друг к другу всех граждан нашей страны, которые плечом к плечу пережили непростые времена, и за короткий срок общими усилиями, под руководством Елбасы, построили Независимый Казахстан. Думаю, что этот день станет днем уважения нашей общей истории, творцом которой стал полиэтничный народ Казахстана.

День благодарности – это день Ассамблеи народа Казахстана, которая стала основой казахстанской идентичности и общенациональной патриотической идеи Мәңгілік Ел, которая на века объединила народ Казахстана. День благодарности станет одним из самых главных праздников нашей страны, близким каждому человеческому сердцу. Символично, что народ Казахстана будет впервые отмечать День благодарности в год 25-летия Независимости.

**Б. Алшынбекулы**

## В ГОРОДЕ СФОРМИРОВАН ОБЩЕСТВЕННЫЙ СОВЕТ

16 февраля текущего года в актовом зале Приозерского городского маслихата прошло заседание рабочей группы по формированию Общественного совета. На заседании рассматривался вопрос об избрании членов Общественного совета. Председатель рабочей группы Сарсембеков Б.М., секретарь городского маслихата, доложил присутствующим, что в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об общественных советах» от 2.112015 года № 383-V и Постановлением Правительства РК «Об утверждении Типового положения об Общественных советах» от 31.12. 2015 года №1194 рабочей группой на интернет-ресурсе городского маслихата было размещено объявление о проведении конкурса по избранию членов Общественного совета. Голосованием рабочей группы в состав Общественного совета, из числа предложенных кандидатов было избрано девять членов Совета.



Председателем Общественного совета избран Мусабеков Габиден Айтжанович, секретарем – Чалгымбаев Азамат Бауыржанович.

А уже 18 февраля, перед Общественным советом города с отчетным докладом за 2015 год выступил аким города Камзин Кайрат Амангельдиевич. Он доложил о проделанной работе и остановился на запланированных на текущий год мероприятиях. Затем аким города ответил на вопросы членов Общественного совета.

Городской Общественный совет создан в целях представления интересов гражданского общества и учета мнения общественности при обсуждении и принятии решений на республиканском и местном уровнях, развития взаимодействия центральных и местных исполнительных органов и органов местного самоуправления с гражданским обществом, а также с целью организации общественного контроля и обеспечения прозрачности деятельности исполнительных органов и органов местного само-управления.

**Б. Алшынбекулы**

*Легализация*

## ЧТО НУЖНО ЗНАТЬ О ЛЕГАЛИЗАЦИИ?

**13 ноября 2015 года Главой Государства подписан закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам амнистии граждан РК, оралманов и лиц, имеющих вид на жительство в РК, в связи с легализацией ими имущества».**

Документ направлен на реализацию плана нации «100 конкретных шагов» по реализации пяти институциональных реформ. Внесены определенные изменения, а именно: продление срока легализации до 31 декабря 2016 года, совершенствование и стимулирование процедуры легализации.

По легализации денежных средств предлагаются 3 опции:

-зачисление на банковские счета без обязательств по их хранению, без уплаты сбора, с распоряжением по своему усмотрению без ограничений;

-без зачисления на счета банков второго уровня с уплатой сбора в размере 10%;

-возможность инвестирования легализованных денег в международный финансовый центр «Астана» без уплаты сбора.

В комиссиях при акиматах будет оставлена только легализация недвижимого имущества, находящегося на территории РК, права на которое не оформлены. В части же остального имущества, находящегося на территории РК (движимого, а также имущества, право на которое оформлено на субъекта легализации или на другое лицо), проводить путем предоставления декларации в органы государственных доходов без уплаты сбора.

При этом по имуществу, находящемуся за пределами РК, легализация будет проводиться также путем предоставления декларации в органы госдоходов с уплатой сбора в 10%. Стоимость имущества в этом случае будет определяться субъектом легализации самостоятельно.

Также, предлагается расширить перечень имущества, подлежащего легализации по имуществу, расположенному за пределами территории РК, которое передано в доверительное управление (траст) с уплатой 10% сбора, и исключить двойное налогообложение при реализации легализованного имущества за рубежом.

**Государственно-правовой отдел аппарата акима города Приозёрск**

*Выборы-2016*

## РОССИЙСКИЕ ЭКСПЕРТЫ ОБСУДИЛИ ВЫБОРЫ В МАЖИЛИС

**11 февраля в Агентстве «Россия сегодня» состоялся круглый стол на тему: «Досрочные парламентские выборы в Казахстане и перспективы российско-казахстанских отношений».**

Ведущие российские эксперты и политологи обсудили причины проведения выборов в Мажилис и особенности нового избирательного цикла, поделились прогнозами на результаты голосования и дальнейшее развитие политических процессов в Казахстане, а также дали оценку российско-казахстанским отношениям на современном этапе.

Так, модератор круглого стола, генеральный директор ИАЦ МГУ им. М.В. Ломоносова С.Рекеда подчеркнул, что выборы в Казахстане вызывают большой интерес в России.

Директор Института ЕАЭС В.Лепехин заявил, что Казахстан – единственная страна на постсоветском пространстве, которая проходит через реальную модернизацию. «При этом Нурсултану Назарбаеву – единственному из лидеров стран постсоветского пространства – удается успешно решать две задачи одновременно: сохранять политическую стабильность в условиях многонационального состава населения и обеспечивать полноценное развитие страны. Модернизация и стабильность – две стратегические задачи, которые сегодня успешно решает Казахстан.

Подводя итоги круглого стола, его участники отметили, что очень правильно, что в рамках выборов, помимо антикризисной повестки, казахстанские власти ставят перед собой цели модернизации.

**ОВПиРЯ г.Приозерск**

САЙЛАУ - 2016 *** ВЫБОРЫ - 2016

# ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ТІРКЕЛГЕН КАНДИДАТТАР ТІЗІМІ
# СПИСОК ЗАРЕГИСТРИРОВАННЫХ КАНДИДАТОВ В ДЕПУТАТЫ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА

| округ №/ № округа | Мәслихат депутаттығына кандидаттың аты-жөні/ Ф.И.О. кандидата в депутаты маслихата | Туған күні, жылы, айы Число, месяц, год рождения | Атқаратын лауазымы Занимаемая должность | Тұрғылықты мекен жайы/ адрес проживания | Партияға қатыстылығы/ партийность | Тіркелген мерзімі Дата регистрации |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Бейскеев Сагынбек Жанбырбаевич | 13.01.1985 | Жастар ресурстық орталығы, басшы/ Молодежный ресурсный центр, руководитель | Приозерск қ. Абай к. 11-15/ г.Приозерск ул.Абая 11-15 | «Нұр Отан» партиясы мүшесі/ член партии «Нұр Отан» | 13.02.2016 |
| 2 | Аринов Айбын Толеуович | 20.12.1971 | «ТҚҚБ» КМК, директор орынбасары/ КГП «УЖКР», заместитель директора | Приозерск қ. Р.Қошқарбаев к. 9-58/ г.Приозерск ул. Р.Кошкарбаева 9-58 | «Нұр Отан» партиясы мүшесі/ член партии «Нұр Отан» | 13.02.2016 |
| 3 | Дюсембаев Дулат Орынбасарович | 21.03.1961 | «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалы, орынбасар/ Приозерский городской филиал партии «Нұр Отан», заместитель | Приозерск қ. Новая к. 18/ г.Приозерск ул.Новая 18 | «Нұр Отан» партиясы мүшесі/ член партии «Нұр Отан» | 13.02.2016 |
| 4 | Зейнегазиев Сейтказы Зейнегазиевич | 20.01.1958 | «Гранд Курылыс» ЖШС, директор/ ТОО «Гранд Курылыс», директор | Приозерск қ. Ағыбай батыр к. 5-13/ г.Приозерск ул.Агыбай батыр 5-13 | «Нұр Отан» партиясы мүшесі/ член партии «Нұр Отан» | 15.02.2016 |
| 4 | Чалгымбаев Бауыржан Амирхамзаевич | 04.12.1963 | «Ер Тай» ЖШС, бас механик/ ТОО «Ер Тай», главный механик | Приозерск қ. Абай к. 7-1/ г.Приозерск ул.Абая 7-1 | Партияда жоқ/ беспартийный | 16.02.2016 |
| 5 | Балтышев Ерик Таткенович | 07.07.1980 | ХҚКО, басшы/ ЦОН, руководитель | Приозерск қ. Космонавтов к. 3-96/ г.Приозерск ул.Космонавтов 3-96 | «Нұр Отан» партиясы мүшесі/ член партии «Нұр Отан» | 13.02.2016 |
| 6 | Абдимуталипов Муса Жалиевич | 30.08.1979 | Жеке кәсіпкер/ Индивидуальный предприниматель | Приозерск қ. Пушкин к. 13/2 / г.Приозерск ул.Пушкина 13/2 | «Нұр Отан» партиясы мүшесі/ член партии «Нұр Отан» | 15.02.2016 |
| 6 | Литош Алексей Владимирович | 01.04.1980 | Жеке кәсіпкер/ Индивидуальный предприниматель | Приозерск қ. Балхашская к. 2/2-12 / г.Приозерск ул.Балхашсая 2/2-12 | Партияда жоқ/ беспартийный | 18.02.2016 |
| 7 | Мондыбаева Гулбаршын Кайроллиновна | 08.07.1968 | Приозерск қалалық орталық ауруханасы, емхана меңгерушісі/ Приозерская городская центральная больница, заведующая поликлиникой | Приозерск қ. Космонавтов к. 5-15/ г.Приозерск ул.Космонавтов 5-15 | «Нұр Отан» партиясы мүшесі/ член партии «Нұр Отан» | 13.02.2016 |
| 8 | Карабалаев Талгат Алимджанович | 22.01.1978 | «Ер Тай» ЖШС, директор/ ТОО «Ер Тай», директор | Приозерск қ. Кисунько к. 4/2-44/ г.Приозерск ул.Кисунько 4/2-44 | «Нұр Отан» партиясы мүшесі/ член партии «Нұр Отан» | 13.02.2016 |
| 9 | Жумаханова Панар Айдархановна | 10.10.1968 | №1 орта мектебі, директор/ Средняя школа №1, директор | Приозерск қ. Кисунько к. 4/2-40/ г.Приозерск ул.Кисунько 4/2-40 | «Нұр Отан» партиясы мүшесі/ член партии «Нұр Отан» | 13.02.2016 |
| 10 | Попченко Светлана Борисовна | 23.02.1967 | «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы, директор м.а./ Центр детско-юношеского центра, и.о.директора | Приозерск қ. Кисунько к. 13/2-12/ г.Приозерск ул.Кисунько 13/2-12 | «Нұр Отан» партиясы мүшесі/ член партии «Нұр Отан» | 13.02.2016 |
| 11 | Сарсембеков Бекзат Муксинович | 16.08.1967 | Қалалық мәслихат, хатшы/ Городской маслихат, секретарь | Приозерск қ. Гвардейская к. 10-45/ г.Приозерск ул.Гвардейская 10-45 | «Нұр Отан» партиясы мүшесі/ член партии «Нұр Отан» | 13.02.2016 |
| 11 | Кобенов Озьken Шипанбаевич | 27.06.1949 | Жеке кәсіпкер/ Индивидуальный предприниматель | Приозерск қ. Балхашская к. 12-13/ г.Приозерск ул.Балхашская 12-13 | Партияда жоқ/ беспартийный | 13.02.2016 |
| 11 | Юн Станислав Алексеевич | 15.10.1976 | «Голикова И.А.:» ЖК, директор орынбасары/ ИП «Голикова И.А.», заместитель директора | Приозерск қ. Кисунько к.15/3-37/ г.Приозерск ул.Кисунько 15/3-37 | Партияда жоқ/ беспартийный | 13.02.2016 |

**Приозерск аумақтық сайлау комиссиясы**
**Приозерская территориальная избирательная комиссия**

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ АУМАҒЫНА САЛЫҚ САЛУ МАҚСАТЫ ҮШІН АЙМАҚТАНДЫРУ СЫЗБАСЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ»

## Приозерск қалалық мәслихатының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 47/366 шешімі.

**Қарағанды облысы Әділет департаментінде нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің Тізіліміне 2016 жылғы 20 қаңтарда № 3625 болып енгізілді.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы «Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексіне сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1.Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Кодексінің 379, 381 және 383 баптарында белгіленген, автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станциаларына бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, жер салығының төмендету немесе жоғарылату ставкаларымен Приозерск қаласының аумағын салық салу мақсаты үшін аймақтандыру сызбасы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2.Приозерск қалалық мәслихатының 2004 жылғы 20 ақпандағы № 25/5 «Жер салығының базалық ставкаларына түзету (жоғарылату немесе төмендету) коэффициенттерін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2004 жылы 23 наурызда № 1443 болып тіркелген, 2004 жылғы 28 сәуірдегі № 37 (10828) «Балхаш өңірі» газетінде жарияланды) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3.Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы** **Т. Қарабалаев**

**Мәслихат хатшысы** **Б. Сарсембеков**

«КЕЛІСІЛДІ»
«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрлысы бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы

2015 жылғы 22 желтоқсандағы С.Т. Бұқпантаев

# «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ СХЕМЫ ЗОНИРОВАНИЯ ДЛЯ ЦЕЛЕЙ НАЛОГООБЛОЖЕНИЯ ТЕРРИТОРИИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»

## Решение Приозерского городского маслихата от 22 декабря 2015 года № 47/366.

**Зарегистрирован в Департаменте юстиции Карагандинской области в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 3625 от 20 января 2016 года.**

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» от 23 января 2001 года, Кодексом Республики Казахстан «Земельный кодекс Республики Казахстан» от 20 июня 2003 года, Кодексом Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)» от 10 декабря 2008 года городской маслихат **РЕШИЛ:**

1.Утвердить схему зонирования для целей налогообложения территории города Приозерск с понижающими или повышающими ставками земельного налога установленных статьями 379, 381 и 383 Кодекса Республики Казахстан от 10 декабря 2008 года «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый Кодекс)», за исключением земель, выделенных (отведенных) под автостоянки (паркинги), автозаправочные станции, согласно приложению.

2.Признать утратившим силу решение Приозерского городского маслихата от 20 февраля 2004 года № 25/5 «Об утверждении поправочного коэффициента (с понижением или с повышением) к базовой ставке земельного налога» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 1443 от 23 марта 2004 года, опубликовано в газете «Балхаш өңірі» от 28 апреля 2004 года за № 37 (10828)).

3.Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти дней после дня их первого официального опубликования.

**Председатель сессии** **Т. Карабалаев**

**Секретарь маслихата** **Б. Сарсембеков**

«СОГЛАСОВАНО»

Руководитель государственного учереждения «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск

22 декабря 2015 года С.Т. Букпантаев

Қалалық мәслихаттың
2015 жылғы 22 желтоқсандағы
XLVII сессиясының
№ 47/366 шешіміне
қосымша

# ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ АУМАҒЫН САЛЫҚ САЛУ МАҚСАТЫ ҮШІН АЙМАҚТАНДЫРУ СЫЗБАСЫ




ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

- салық аймағының шекарасы
- I — салық аймағының нөмірі
- I салық аймағы
- II салық аймағы
- III салық аймағы

САЛЫҚ АЙМАҚТАРЫ

| салық салу аймағының нөмірі | жер салығына төмендету немесе жоғарылату, % |
|---|---|
| I | +50 |
| II | +30 |
| III | −30 |

Приложение
к решению XLVII сессии
городского маслихата
от 22 декабря 2015 года
№ 47/366

# СХЕМА ЗОНИРОВАНИЯ НАЛОГООБЛОЖЕНИЯ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК




УСЛОВНЫЕ ОБОЗНАЧЕНИЯ

- граница налоговой зоны
- I — номер налоговой зоны
- I налоговая зона
- II налоговая зона
- III налоговая зона

НАЛОГОВЫЕ ЗОНЫ

| номер налоговой зоны | понижающие или повышающие ставки к земельному налогу, % |
|---|---|
| I | +50 |
| II | +30 |
| III | −30 |

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# АЗАМАТТЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЛАУАЗЫМЫНЫҢ БОС ОРНЫНА КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

**«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, (Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Балхаш көшесі 5, анықтама үшін телефондар: 5-48-77, 5-47-38) азаматтық қызметкерлер лауазымының бос орнына конкурс жариялайды:**

**«Приозерск қаласының жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директоры – 1 бірлік.**

**Білімі:** жоғары кәсіби білім (экономика, заңгер) және жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында басшы лауазымында 3 жылдан кем емес немесе экономиканың басқада салаларында басшы лауазымында 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

**Конкурска қатысушыларға қойылатын талаптар:** Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Халықты жұмыспен қамту туралы», «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы», «Халықтың көші-қоны туралы», «Лицензиялау туралы» ҚР Заңдарын және Қазақстан Республикасының басқада нормативті құқықтық актілерді, жұмыспен қамту және шетел жұмыс күшін тарту мәселелерін реттейтін мемлекеттік органдардың актілерін, орталықтың мамандану ерекшелігін, ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін ұйымдастыру, еңбек туралы заңнаманың негіздерін, еңбекті қорғау ережелері және нормалары, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өртке қарсы қорғау ережелері білу, мемлекеттік тілді білу құпталады.

Конкурска қажетті құжаттар аталған хабарландыру бұқаралық-ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап 15 күні ішінде жоғарыда аталған мекенжай бойынша тапсырылуы тиіс.

# ОБЪЯВЛЕНИЕ О КОНКУРСЕ НА ЗАНЯТИЕ ВАКАНТНОЙ ДОЛЖНОСТИ ГРАЖДАНСКОГО СЛУЖАЩЕГО

**ГУ «Отдел занятости и социальных программ г.Приозерск», (Карагандинская область, г.Приозерск, ул.Балхашская 5, телефоны для справок: 5-48-77, 5-47-38) объявляет конкурс на занятие вакатной должности гражданского служащего:**

**Директор -1 единица, коммунальное государственное учреждение «Центр занятости города Приозерск».**

**Образование:** Высшее профессиональное образование (экономика, юриспруденция) и стаж работы на руководящих должностях в системе социальной защиты и занятости не менее 3 лет или на руководящих должностях в других сферах экономики не менее 5 лет.

**Требования к участникам конкурса:** Знание Конституции Республики Казахстан, Закона Республики Казахстан «О занятости населения», Закона Республики Казахстан «О государственной адресной социальной помощи», Закона Республики Казахстан «О миграции населения», Закона Республики Казахстан «О лицензировании» и иные нормативные правовые акты Республики Казахстан, акты государственных органов, регулирующие вопросы занятости и привлечения иностранной рабочей силы; профиль, специализацию и особенности Центра; организацию финансово-хозяйственной деятельности организации; основы законодательства о труде, правила и нормы охраны труда, техники безопасности производственной санитарии и противопожарной защиты, желательно знание государственного языка.

Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть предоставлены в течение 15 дней с момента публикации объявления о проведении конкурса в средствах массовой информации по вышеуказанному адресу.

*Мемлекеттік бағдарламалардың орындалысы*

# «БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ - 2020», «ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ - 2020» ЖӘНЕ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ НИЕСЕЛЕНДІРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ АЯСЫНДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

2016 жылғы 8 ақпанда Индустриалды-инновациялық даму, «Бизнестің жол картасы-2020», «Жұмыспен қамтудың жол картасы - 2020», сондай-ақ АӨК-де несиелендіру бағдарламалар аясында Приозерск қаласының кәсіпкерлеріне мемлекеттік бағдарламалардың механизмдерін түсіндіру бойынша кездесу өткізілді. «Бизнес жол картасы - 2020», «Жұмыспен қамту - 2020» және Агроөнеркәсіптік кешенді ниеселендіру бағдарламалары Қазақстан Республикасы Президентінің « Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын және Қазақстанның 2020 жылға дейінгі стартегиялық даму жоспарын іске асыру үшін әзірленген болатын, сонымен қатар мемлекеттік үдемелі индустриалды-инновациялық дамыту бағдарламасын іске асыру механизмдерінің бірі болып табылады.

Кездесу барысында кәсіпкерлердің ойларында жүрген сауалдарына тіпкілікті және мазмұнды жауаптар беріліп, бағдарламалардың негізгі бағыттары түсіндірілді. Бағдарламалардың мақсаты экономиканың шикізаттық емес секторларындағы өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сонымен қатар бар жұмыс орындарын сақтау және тұрақты жұмыс істейтін жаңа жұмыс орындарын құру болып табылады. Сонымен қатар кез келген елдің экономикасының негізі – шағын және орта кәсіпкерлік. Шағын және орта бизнестің дамуы экономикалық реформаларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Алдағы уақытта еліміздің экономикасы дәл осы шағын және орта кәсіпкерлік арқылы аспанға шарықтайды деген сеніміміз мол.

*«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі»*

*Тұрғындардың назарына*

# 2016 ЖЫЛЫ ЗАҢДЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ТРАКТОРЛАРЫН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЗАСЫНДА ЖАСАЛҒАН ӨЗДІГІНЕН ЖҮРЕТІН ШАССИЛЕР МЕН МЕХАНИЗМДЕРДІ, МОНТАЖДАЛҒАН АРНАЙЫ ЖАБДЫҒЫ БАР ТІРКЕМЕЛЕРДІ ҚОСА АЛҒАНДА, ОЛАРДЫҢ ТІРКЕМЕЛЕРІН, ӨЗДІГІНЕН ЖҮРЕТІН АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ, МЕЛИОРАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЖОЛ-ҚҰРЫЛЫСЫ МАШИНАЛАРЫ МЕН МЕХАНИЗМДЕРІН, ЖҮРІП ӨТУ МҮМКІНДІГІ ЖОҒАРЫ АРНАЙЫ МАШИНАЛАРДЫ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРАП-ТЕКСЕРУДЕН ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ

| р/с № | Ұйымның атауы немесе жеке тұлғаның А.Ж.Т. | Техникалық байқаудан өткізу орны және телефоны | Техникалық байқауды жүргізу уақыты және күні |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 5 |
| 1 | "Гранд Құрылыс" ЖШС | Приозерск қ., Лесная к.10 | 04. 04. 16 ж. сағ. 10 |
| 2 | Кенжеев А.Ж. | Приозерск қ., Балқаш көшесі 5 | 06. 04. 16 ж. сағ. 10 |
| 3 | Марий Д.Ю. | Приозерск қ., Балқаш көшесі 5 | 08. 04. 16 ж. сағ. 10 |
| 4 | Семикин И.Н. | Приозерск қ., Балқаш көшесі 5 | 11. 04. 16 ж. сағ. 10 |
| 5 | Нарымбетов М.Е. | Приозерск қ., Балқаш көшесі 5 | 13. 04. 16 ж. сағ. 10 |
| 6 | ООО «Атлант» | Приозерск қ., БСА көшесі 32 | 15. 04. 16 ж. сағ. 10 |
| 7 | Бейсекеев Б.Ш. | Приозерск қ., Балқаш көшесі 5 | 23.06.16 ж. сағ.10 |
| 8 | «КТҮҚҚБ» КМК | Приозерск қ., Гаражды аумақ | 22. 09. 16 ж. сағ. 10 |

**«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ**

*Тұрғындардың назарына*

# ӨСІМДІКТЕР КАРАНТИНІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ СТАНДАРТТАРЫ

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88 Заңының 10 бабының 1 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4-4/500 бұйрығымен өсімдіктер карантині саласындағы «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру» және «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру» мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттары бекітілді.

Мемлекеттік қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты - мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды белгілейтін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процессінің, нысанасының сипаттамаларын, мазмұнын және нәтижесін қамтитын нормативтік құқықтық акт.

Карантиндік сертификат - мемлекет ішінде тасымалдауға арналған карантинге жатқызылған өнімнің жай-күйін куәландыратын құжат.

Фитосанитариялық сертификат – экспортқа шығарылатын карантинге жатқызылған өнімнің жай-күйін куәландыратын құжат.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті – мемлекеттік қызмет стандартын сақтау жөніндегі талаптарды белгілейтін жәнекөрсетілетін қызметті берушілер қызметінің тәртібін, оның ішінде мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен, халыққа қызмет көрсету орталықтарымен өзара іс-қимыл, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық акт.

Жоғарыдағы айтылған Стандарттарда, мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі, мемлекеттік қызметтерді көрсететтін лауазымды адамдардың шешімдеріне шағымдану тәртібі және мемлекеттік қызметтерді көрсетуге қойылатын өзге талаптар айқындалған.



Осы стандарттарға сәйкес, мемлекеттік қызметтерді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Приозерск қалалық аумақтық инспекциясы, «Электрондық үкіметтің» **www.e.gov.kz, www.elicen-se.kz** веб-порталдары, Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы электрондық немесе қағаз түрінде көрсетеді.

Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде – құжат қағаз жеткізгіште беріледі. Фитосанитариялық сертификатты алуға өтінім берілген күннен бастап бес жұмыс күнінен, ал карантиндік сертификат үш жұмыс күнінен бастап рәсімделеді. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде көрсетіледі.

Мемлекет қызмет көрсету орнының мекен-жайы ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің **www.minagri.gov.kz** интернет ресурсында орналасқан. Сондай-ақ, фитосанитариялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қызметті көрсетуге қатысты ақпараттарды мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы немесе Приозерск қаласы, Пушкин көшесі, 9/2 үйде орналасқан Приозерск қалалық аумақтық инспекциясынан және 5-40-06 телефоны арқылы алуға болады.

**Кусаинова З.Т.,**
*Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының бас маман - өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы*

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# ӨЗІҢДІ ЖРВИ МЕН ТҰМАУДАН ҚОРҒА!

**ЖРВИ мен тұмау** – бұл вирустардан туындайтын, тыныс алу жолдарының ең көп таралған аурулары. Олар ауа-тамшылары арқылы науқас адамнан жұқтырылады.

**Суық тиген кездегі негізгі белгілер:** мұрын-ның бітелуі, тамақтың қышуы, дауыстың қырыл-дауы, жөтел, дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, бұлшық еттердің ауыруы және т.б.

ЖРВИ мен тұмау балаларды құстыруы, ішін өткізуі (тышқақтау), тыныс алуын қиындатуы мүмкін.

**Суық тиген кезде көрсетілетін бастапқы көмек:**

-ЖРВИ мен тұмаудың бастапқы белгілері біліне бастаған кезде күндіз болса учаскелік (педиатр мен терапевт) дәрігерді және түнде жедел жәрдемді үйге дереу шақыру;

-үйде қалып, төсекте жату керек.



**ЖРВИ мен тұмаудың таралуына жол бермеу:**

-күн сайын бөлменің ішін ылғалдап сүртіп алу және жиі желдету керек (күніне 3 реттен кем емес;

-жеке тазалық тәртібін сақтау, қолды жиі жуу;

-әсіресе үйден сыртқа шағыр алдында, мұрынның айналасына оксолин майын жағу;

-ЖРВИ мен тұмаудың таралу кезеңінде адамдар көп жиналатын орындарға бармаған дұрыс;

-қатты тоңбау керек, ауа райына орай киіну керек;

-бірреттік медициналық бетперделерді пайдалану керек. ЖРВИ мен тұмаудың таралу кезеңінде (күзгі-қысқы мерзімде) үйден шығарда және үйде ЖРВИ -мен және тұмаумен ауырған отбасы мүшелері болған кезде міндетті түрде бетперде кию керек;

-дер кезінде тұмауға қарсы вакцина еккізу керек дәрігердің кеңесіне сәйкес!

**Жүкті әйелдер мен балалардың ЖРВИ мен тұмаумен сырқаттануына жол бермеу жұмыстарына баса назар аудару керек!**

Жүктілік кезінде иммунитеттің әлсірейтінін және ЖРВИ мен тұмаудың асқынуынан қиын дертке душар болу мүмкін екендігін есте сақтаңыз (бронхит, пневмония, түсік тастау, асқынушылықпен мезгіліне жетпей босану).

Дер кезінде дәрігерге тексеріліп, емделмесе ЖРВИ мен тұмау асқынуынан адам өліп кетуі мүмкін!

ЖРВИ мен тұмау кезінде бастапқы көмек көрсету үшін үйде дәрілік қобдиша жабдықтау (термометр, бетперделер, аскорбин қышқылы, арбидол, ингавирин, анаферон, лавамакс, интерферон, оксолин майы, мұрынға тамызатын тұзды ерітінділер (тамшы дәрілер, спрей)!

**Тек дәрігер ғана жеке тексеру барысында Сізге ем тағайындай алады!**

**Өздігіңізден емделмеңіз, ол Сіздің денсаулығыңыз үшін қауіпті.**

**Өзіңізді күтіңіз және сау болыңыз!**

**А.К.Кутжанова**
*КМК « Приозерск қаласының орталық ауруханасы» дәрігер салауатты өмір салты*

# ЗАЩИТИТЕ СЕБЯ ОТ ОРВИ И ГРИППА!

**ОРВИ и грипп** – это самые распространенные болезни дыхательных путей, вызы-ваемые вирусами. Они передаются воздушно-капельным путем от больного человека.

**Основные жалобы при простуде**: насморк, першение в горле, осиплость голоса, кашель, повышение температуры, слабость, мышечные боли и другие.

У детей ОРВИ и грипп могут проявляться рвотой, диареей (понос), затрудненным дыханием

**При первых признаках ОРВИ и гриппа необходимо:**

-незамедлительно вызвать участкового врача (педиатра и терапевта) на дом в дневное время и скорую помощь - в ночное время;

-оставаться дома, соблюдать постельный режим.

**Предупреждение распространения ОРВИ и гриппа:**

-ежедневно производить влажную уборку и часто проветривать помещение (не менее 3-х раз в день);

-соблюдать правила личной гигиены, чаще мыть руки;

-смазывать слизистую носа оксолиновой мазью, особенно перед выходом из дома;

-постараться избегать массового скопления людей в период сезона ОРВИ и гриппа;

-не переохлаждаться, одеваться соответственно погодным условиям;

-использовать одноразовые медицинские маски. Обязательное ношение маски в период подъема заболеваемости ОРВИ и гриппом (осенне-зимний период) при выходе из дома и в доме при наличии больного ОРВИ и гриппом в семье;

-провести своевременную вакцинацию



от гриппа по рекомендации врача!

**Особое внимание необходимо обратить на профилактику ОРВИ и гриппа у беременных женщин и детей!**

Помнить о том, что в период беременности ослаблен иммунитет и **ОРВИ, грипп** могут вызвать тяжелые осложнения (бронхит, пневмония, выкидыши, преждевременные роды с осложнениями).

При несвоевременном обращении осложнения ОРВИ и гриппа могут привести к смертельному исходу!

Сформировать домашнюю аптечку для первичной профилактики ОРВИ и гриппа (термометр, маски, аскорбиновая кислота, противогриппозные препараты(арбидол, ингавирин, тамифлю, реленза, анаферон и др), оксолиновая мазь, солевые растворы в нос (капли, спрей)!

**Только врач при личном осмотре может назначить Вам лечение!**

**Не занимайтесь самолечением, оно опасно для Вашего здоровья.**

**Берегите себя и будьте здоровы!**

**А.К.Кутжанова,**
***КГП «ЦБ г Приозерск», врач ЗОЖ***

*Бала тәрбиесі – баршаға ортақ*

# БІЛІМДІ, ӨНЕРЛІ ҰРПАҚ-ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Білім беру үдерісінің бүгінгі күндегі басты міндеттерінің бірі –өскелең ұрпаққа берілітін сапалы білім, саналы тәрбиені одан әрі жетілдірумен қатар, оқушылардың көркемдік, эстетикалық қабілеттері мен қажеттіліктерін қалыптастыру болып табылады. Аталған келелі міндеттерді шешуде төл әдебиетіміз бен өнеріміздің, көркем сөз өнерінің берері мол. Себебі әдебиет өнері оның ішінде сөз өнері оқушыларға ұлттық құндылықтарымыз бен тарихымыз туралы білім игертуде, ана тілімізге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуде қуатты құрал болып табылады.

Приозерск қаласында 2016 жылдың ақпанында жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының арасында «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасының қалалық кезеңі өтті. Қазақ тілінің



қасиетін ұлықтап, карымын қатайтатын бұл шараға қаладағы № 1 және № 2 мектептердің 58 оқушысы қатысты. Аталмыш сайыстың басты мақсаты - мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, қазақ тілінің қайнарынан қуат алған ерекше дарынды оқушыларды анықтап, оларға қолдау көрсету. Олимпиадада оқушылардың қазақ халқының тілі, әдебиеті, салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті секілді ұлттық құндылықтарына деген қызығушылығын арттыру, тұлғаның өзін-өзі дамытуына және қабілетін ұштауға ықпал ету көзделген.

«Достық» балалар мен жасөспірімдер



орталығының мәжіліс залында олимпиаданың ашылуы салтанатты түрде өткізілді. Жалпы өткізіліп жүрген бұл «Жарқын болашақ» олимпиада аламаны аудандық, облыстық, республикалық (финал) болып үш кезеңнен тұрды. Онда білімді де өнерлі ұландарымыз бен аруларымыз бес номинация: «Тілші-әдебиетшілер» (қазақ тіл білімі мен әдебиеті), «Жас ғалымдар» (ғылыми жоба), «Жазушылар» (жазбаша шығармашылық жұмыс), «Сөз шеберлері» (мәнерлеп оқу), «Әнші-бұлбұлдар» (ән айту) аталымдары бойынша бақ сынасты.

«Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасының әділқазылар қызметін Приозерск қаласы білім бөлімі мамандары, «Жастар» ресурстық орталығының мамандары, «Достық» балалар мен жасөспірімдер орталығының музыка ұстаздары атқарды. «Жас ғалымдар» өздерінің жоба жұмыстарын қорғады. Бірақ айтарлықтай дәрежеде болмағандықтан қала көлемінде шектелді.“Тілші-әдебиетшілер“ бағытына 22 оқушы қатысты. Мектеп бағдарламасы бойынша құрастырылған білім тексеру тестік жұмыстарынан өзгелерден үздік шығып, өздерінің терең білімдерінің көрсеткен № 1 орта білім беру мектептебінің 10-сынып оқушысы Жанел І орынды,7 сынып оқушысы Даяна ІІ орынды, ал №2 мектеп-балабақша кешенінің 7 «в» сынып оқушысы Жантураев Диас ІІІ орын жеңімпазы атанды. «Жазушылар» бағытына қатысқан 23 оқушының ішінен № 1 жалпы орта білім беретін 10-сынып оқушысы Бұлдіршін мен Ажар, Айданалар көркем сөз бен көрікті ойдан өрнек жасап, өз орталарынан оқ бойы оза шапты. «Сөз шеберлері» бағыты бойынша №1 орта мектеп



оқушылары Марлен мен Елқызыр № 2 мектеп оқушысы Айгул суырылып алға шықты. «Әнші бұлбұлдар» бағытында № 2 мектеп Алибай Асель І орынды және №1 мектептің оқушылары Мейрман Аяжан ІІ орынды, №2 мектеп оқушысы Исмайлова Ақбота ІІІ орынды иеленді.



Әділ қазылар әрбір бағыт бойынша олимпиаданың «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан 12 жеңімпазға құттықтау тілектерін айтып, І,ІІ,ІІІ орындармен марапаттап, барлық қатысушыларға сертификат табыстады. Бұл олимпиадаға қазақ балаларымен қоса өзге ұлт балаларының да қызығушылық танытып, бойларына қазақ тілінің байлығын сіңіріп, тілектес болулары ел бірлігі жолында жасалған құтты қадамдары екенін айтты. Ал әр бағыттан 1- орын алған жеңімпаздарға Приозерск қаласы Білім беру бөлімінің І дәрежелі дипломдары тапсырылды. Приозерск қаласы Білім бөлімі облыстық жарысқа табыспен сәттілік тіледі. Сондай-ақ, оқушыларымыздың жеңісті өнер көрсетуіне үлестерін қосқан ұстаздарымыз да (Касимова Г.Ш, Матикулова М.К, Қалдыбаева Ж.А) марапатталды.

Облыстық жарысқа жолдама алған оқушымыз Алибек Марлен Қарағанды қаласында өткізілген сайыста қатысқан 33 оқушының ішінде өз өнерін көрсете отырып ІІ орынды иеленіп қайтты. Алибек Марленнің келешекте әлі де биіктен көріне беруіне тілектеспіз!

**Г.А.Калманова,**
*Приозерск қаласы № 1 ЖББОМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі*

**15 ақпан – Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күні**

# ЖЫЛЫ ЖҮЗДІ КЕЗДЕСУ

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімі жеке құрамының ұйымдастыруымен қаламыздағы «Приозерск қалалық №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің отырыс



залында мектеп оқушыларының Ауғанстан соғысының ардагерімен кездесуі өткізілді. Аталмыш кездесу 15 ақпан – Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күніне орай ұйымдастырылған еді.

